

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Камзина Алия Гилимгалиевна

Cake-alia@mail.ru

7M01301- «Білім берудегі менеджмент» білім бағдарламасының 2 курс магистранты,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: қауымдастырылған профессор, PhD – Ф.Б.Кинжибаева


Бастауыш сынып мұғалімдерінің қызметі әрбір білім алушының өскелең ұрпақты қоғам мен еліміздің болашағы үшін жауапты болумен сипатталады. Педагог деген ұғымды ала отырып біз мынаны анықтаймыз: кәсіби педагогиканың іс-әрекеттің мақсаты бастауыш сынып мұғалімнің басты міндеті оқытып, үйрету, тәрбиелеу, дамыту болып келеді. Мұғалім ілімді оқытуға емес, тәрбиелеу емес керісінше ілімді бағыттауға, қайта тәрбие үрдістеріне басшылық жасауға тиіс. Оны соңғы кездерде «құзырет» деп ғылымның саласында қолданады.

Құзырет- субъективтінің қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды, тиімді іске асыру дайындығы. Сыртқы ресурстарға білім, білік, дағды, құзыреттіліктер, құндылықтар жатады. Педагогикалық сөздікте құзыреттілік үш түрлі ұғымда болады: әлеуметтік құзырет, жалпы мәдени құзыреттілік, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі түрінде кездеседі. *(1-суретте көрсетілген)*

Білім – нәтижесі білім беру пәндері арқылы көрінетін болса, құзыреттілік нәтижесі пәнаралық қызмет арқылы көрінеді. Яғни пән мазмұнында мен жасаймын әрекеттің қарастырылуы – шешуі құзыреттілікті қалыптасудың негізгі көзі. Сонымен қатар бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуы «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасының бірден бір себеп авторлары американдық – Д.Смит, К.Мереди және Г.Темпи жазған. Жобамен жұмыс істеп жүрген мұғалімдер жоба шеңберінде жұмыс істей жүріп, үнемі өздерінің және оқушыларының әрекеттеріне бақылау жүргізеді. Олар тоқсан, жыл немесе одан да ұзақ уақыт барысында барлық өзгерістер мен деректерді мұқият жазып отырады.

Кәсіби өзін-өзі дамытудың компоненттері өзара тығыз байланыста болғандықтан, олардың біреуінің өзгеруі, екіншісінің дамуына жағдай жасайды. Олардың жүйесін біз мұғалімнің кәсіби дайындығының мақсаты ретінде түсінеміз [1].

Педагогикалық құбылыстар мен фактілерді зерттеуде тұтастай алып қарастыруды негізге алып, біз В.С.Ильин құрастырған кезендері бөліп қарастыру жолдарын назарға алдық. Біз мұғалімнің өзін-өзі дамытудың ипотекалық кезеңіне мән бердік.



Сурет 1 – Педагогикада кездесетін құзырет ұғымның түрлері

Бейімделу кезеңі. Бұл кезеңде өзін-өзі қабылдау, өзін-өзі ұйымдастыру, басқарудың қалыптасуы іске асады. Бұл кезде мақсаттар өте маңызды немесе түсініксіз түрде және маман ретінде қабылдау мен кәсіби әрекет әдістері жайлы білім де күнтірт болады. Мұғалімдер мұндай кезде өздерінің дұрыс әрекет етпеген тұстары мен кемшіліктерінің нақты себептерін табуда қиналады. Бұл жағдайда олардың өздерін бағалауы не төмен немесе жоғары болады. Мұғалім алдымен өзін-өзі түсіну, рефлексивті сенім мен педагогикалық пәндеріне деген қызығушылық өзектіленіп, педагогикалық жағдайлар мен құбылыстарға, өмірлік жағдайларға кәсіби талдау қасиеті дамып, позитивті түрде қабылдап, кәсіби мәселелерді шешудің нақты жолдарын таба білуі тиіс.

Дифференция кезеңіне мұғалімнің өзін жеке тұлғалық және кәсіби асыруға деген қажеттілігін арттырып, сыни көзқарас пен креативтілік ерекшелікпен айқын байқалуы мүмкін. Бұл кезде мұғалім өзінің өмір тәжірибесіне сүйеніп логикалық түйіндер жасауда дамиды. Оқу-тәжірибелік іс-әрекеттерінің нәтижелерін болжау ерекшеліктері қалыптасады. Сол уақытта мұғалімдер өзгелерден ерекше әдістер мен әдістемелерді іске асырып, процестің тиімділігін арттырудың ерекше жолдарын іздестіруге бейім болады.

Индивидуализация кезеңі. Мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамытудың бұл кезеңінде қалыптасқан өзін-өзі түсіну, адекватты бағалау, ұйымдастыру мен басқарудың тұрақты дағдылары тән. Бұл кезеңде мұғалім өзіне қосымша пайда келетін сезініп, белсене ғана шығармашылық жұмысқа қосымша күш салады, ал мұндай жағдай болмаса ерекше жұмысқа қызыға қоймайды. Мұғалімнің теориялық және өзге де сұрақтарды өз еркімен кәсіби түрде шешуі өзектіленіп, іс-әрекетте өзіндік қолтаңба іздеу қажеттілігі арттып, педагогикалық әрекетте өз моделін жасауы іске асады. Сондай-ақ мұғалім әріптестерімен өз жұмысының мақсат, міндеттері және болжамдары жайлы бөлісуге бейім келеді. Бұл кезде олар педагогикалық сұрақтарды шешуді логикалық тапсырмаларды қиындықсыз анықтап, ұқсастықтың себептерін де дәлме дәл көрсетіп береді [2].

Шешуші құзыреттілік – бұл жаңа алынған білім мен біліктілікті тәжірибеде қолдана алу қабілеттілігі. Демек құзыреттілік – біріншіден білім беру үрдістеріндегі білім, білік, дағдылардың түркі нәтижесін көрсетуі; екіншіден нәтижеге бағдарлана берілген білімнің негізгі көрініс; үшіншіден шешуші құзыреттілігі адам бойындағы сапалар мен іс-әрекетіндегі үйлесімділік. Бастауыш мұғалім еңбегінің құрылымы: Психологиялық және педагогикалық білімдер, Педагогикалық шеберліктер, мұғалімнің психологиясы мен ұсынымдар және білімдер мен шеберліктер болып бөлінеді.

Психологиялық және педагогикалық білімдер – мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеуге дайындығын қалыптастырудың психологиялық педагогикалық жағдайларының тиімділігін теориялық тұрғыдан негіздеу. Теориялық тәсілдерді талдауға бірнеше компоненттерін бөліп көрсетуге болады: рефлексиялық, белсенділік және мотивациялық.

Педагогикалық шеберліктер – Білім беру үдерісін жақсарту үшін технологияны немесе белгілі бір бағдарламаны пайдалануды шектелмейді. Ол оқыту жағдайында педагогикалық принциптерді түсінуді талап етеді. Педагогиканың заманауи технологиялармен үйлесімділігі мен оқу тәрбие процесіндегі педагогикалық шеберліктің маңызды екенін айту керек.

Мұғалімнің психологиясы – мұғалімдердің психологиялық құзыреттілігін дамытуға үлкен үлесін қосу маңызды. Өйткені болашақта кәсіби қызметін табысты жүзеге асыру үшін қажет. Мұғалімнің оқытудың көлемін кеңейту қажеттілігіне назар аудару мақсатында педпгогика психологиялық жұмыстарды жандандыру болып табылады. Жалпы педагогика психология білім, білік, дағдыларды меңгеруден заңдылықтарын игеру болып табылады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуда мақсатты және бағдарламалық мақсаты тәселдерді дамыту.

Кәсіби құзыреттілікті дамытуда дидактикалық дайындық – кәсіби педагогикалық даярлықтың негізгі және маңызды саласы. Дидактикалық даярлық – күрделі ұғым. Дидактикалық даярлыққа жататындар: олардың оқыту процесінің теориясы мен практикасы бойынша игерген білімдері педагогикалық қызметке деген ынтасы мен мүмкіндіктері. Нақты айтқанда оқытудың мақсаты мен мазмұны ұйымдастырудағы қолданылатын тиімді әдіс

тәсілдері жете біліп әске асырудың жолдарын меңгерудің – дидактикалық даярлықты анықтайтын белгілер деуге болады. Осыған орай педагогикалық қызметті атқаруға қажет мұғалімнің бойында мынандай дидактикалық қабілеттер болуы қажет; оқыту процесін жоспарлай білуі, оны мақсатты түрде ұйымдастыра алуы, жүйелі түрде бақылау ісін орындап отырады.

Осы тұрғыдан бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзырлығын дамытуды мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамыту болып табылады

Мұғалімнің кәсіби жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының басты қызметі оның іс-әрекет спецификасын, қарым-қатынас ерекшеліктері мен шығармашылық тұрғыда дамуын есепке ала отырып анықталады. Кәсіби өзін-өзі дамытудың негізгі қызметтері мақсат қалыптастыру, рефлексивті белсенді әрекет ету, нормативті.

Мақсат қалыптастыру қызметі: мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамытуы оның болмысын анықтап, оның дамуы мен қойылған мақсаттарына қатысты басты мүмкіндіктерінің, өмірдің мәнімен мағынасын түсіне алуы. Бұл жеке тұлғаның өзіндігінің тәуелсіздігінің алғы шарттары аталған қызмет мұғалімнің өзін-өзі дамыту құрылымның басты бөлігі болып саналады. Мақсатты қалыптастыру қызметі мұғалімнің кәсіби педагогикалық іс әрекетінің спецификасын анықтайды.

Рефлексивті қызмет: кәсіби өзін-өзі дамыту мұғалімнің себеп-салдар байланыстарына талдау жасап, оның өзін-өзі зерттеу қабілетін арттыруына және қиын тұстарда қолдану арқылы өзінің өмірін және педагогикалық тәжірибесіне баға беруге жағдай жасайды.

Рефлексия: адамды барды сезіну ғана емес, сондай-ақ адамның өзін тану мен іс әрекетте қабілетті және тұлғанын өзіндік санасын қайта жасау [3].

Болашақ мұғалімнің ізделініп отырған сапаны шамасынан жалпы мағлұмат беруге мүмкіндігі деп есептейміз. Осыны негізінде біз ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің төменгі, орта, жеткілікті және жоғары деңгейлерін анықтауға мүмкіндік алдық.

Төменгі деңгейі (бейімделу) – құзыреттілік туралы түсініктері таяз, кәсібилікке талпынысы жеткіліксіз, өз бетімен ізденуге, білімін көрсетуге ықтиярсыз, өз қызметінің нәтижелерін саралап, баға беру деңгейі төмен, адамдармен тіл табысуға, білім, білік дағдыларды игеруге қызығушылығы жоқ мұғалім.

Орта деңгей (репродуктивтік) – кәсіби құзыреттілік жайлы білімдері, қызығушылықтары бар, бірақ тұрақты емес, кәсіби құзыретті мұғалім болудың қажеттілігін сезінеді, дидактикалық біліктілігі болғанмен, оны іс жүзінде қолдануы нашар. Жаңа технологияларын қолдануға ұмтылады, бірақ жүйелі емес, өзінің кәсіби әрекетіне баға беріп отыруды әдетке айналдырмаған, еркін қарым-қатынасқа түсе алмайды.

Жеткілікті деңгей (эвристикалық) – кәсіби құзыреттілікке деген көзқарасы жақсы, білім біліктілігі біршама қалыптасқан, оқытудың әдіс-тәсілдерін, технологияларын қолдануға берік, жұмысында жоғары нәтижеге жету үшін қосымша материалдарды тауып, оларды іріктей алады, өзінің кәсіби іс әрекетіне баға бере біледі, мәдени қарым қатынасқа икемді.

Жоғары деңгей (креативтік) – кәсіби құзыреттілікке деген қызығушылығы тұрақты, оны өзінің кәсіби іс әрекетінің мәні деп есептейді, білім, білік пен дағдаларды игеруге қызығушылықтары жоғары [4].

Бастауыш сынып мұғалімі бастауыш сыныпта жүргізілетін пәндерге балаларға берілетін барлық білімді жетік білуі, ресурстарды түсінікті етіп жеткізу, оқушылардың білімін дұрыс бағалай білуі, олардың бойындағы сыртқы уәждің әсерінен ішкі уәждерін қалыптастыру керек. Өзінің іс-әрекетін сыни тұрғыдан бағалап, кәсіби құзыреттілікті жетілдіру, оқушылармен дұрыс қарым-қатынас орната білу, ата-аналармен тіл табыса алу, сөйлеу мәдениетін жаттықтыру сияқты қасиеттер мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оқушылармен қарым-қатынасы нығая түседі. Өз білімін жетілдіре отырып, оқушыларды ғылымға деген қызығушылығы арттып, өздігінен білімдерін жетілдіруге дағдыландыру қажет. Сол уақытта мұғалімдердің көшбасшылық құзыреттілігі нығая түседі.

Қортындылай келе білім беруде кәсіби құзырлы маман деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық ақиқат пен ондағы өзінің іс- қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын игерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды таба, таңдай, сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін мұғалім ғана бастауыш білім беру деңгейінің педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыра алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Педагогика»\2005 ж. №4(3) С.Есіркепов «Жаңа заман ұстазы» 46-48 беттер.
2. «Педагогика»\2005 ж. №5(4) Ш.Н.Закарьянова «Объективті тұлғалақ факторлар және де олардың мұғалім еңбегіне әсері» 37-38 беттер.
3. «Ізденіс»\ 2003 ж. №3 Г.Күшпаева «Педагогтың кәсіби біліктілігін модельдеу» 249- 252 беттер.
4. «Бастауыш мектеп оқыту» \2012 ж №1 Республикалық әдістемелік журнал 3-4 бет